Олжабаев Бекарыс Кобланулының
«8D02304-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындаған
«Түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісі»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік кеңесшінің

ПІКІРІ

Олжабаев Бекарыс Қобланұлының қорғауға ұсынып отырған «Түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісі» атты ғылыми зерттеу жұмысы түркі халықтарына ортақ фольклорлық мұраларды когнитивтік әдебиеттану ғылымы аясында зерттеуге арналған.

Түркі халықтарының фольклоры – барша түркі халықтарының ортақ мұрасы. Антропоөзектік парадигманың дамуымен когнитивистика әдебиеттану саласымен тұтастықта анықталады. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан мәдениеттің, дүниетанымның көрінісі фольклорда айқындалады. Фольклор – ежелгі замандардан бастау алған адамзаттың рухани тәжірибесінің нәтижесі. Қоршаған әлемді танудың алғашқы қадамдары, жаратылыс сырларын ұғу жолдары фольклорда көрінеді. Сонымен бірге түркі фольклорын «топонимдік фольклор» ұғымы аясында қарастыру диссертациялық жұмыстың жаңашылдығын көрсетеді. «Топонимдік фольклор» фольклорлық шығармалардағы топонимдердің сырын ұғуға, олардың қолданылу ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді. Фольклорлық шығармаларда топонимдердің қолданыс табуы танымдық, ақпараттық, мекендік қызметтерді атқарады. «Туған жер» концептісін зерттеуде түркі фольклоры зерттеу нысаны ретінде алынып, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ұғым-түсініктердің барлығы дерлік «туған жер» киелі, қастерлі мекен екенін көрсетеді.

Докторант ғылыми зерттеу жұмыста түркі фольклорын когнитивтік әдебиеттану, топонимдік фольклор аясында зерттеудің теориялық, практикалық аспектілерін, жанрлық ерекшеліктері негізінде талдайды. Зерттеу барысында «туған жер» концептісінің фольклорлық шығармаларда «идеологиялық қызмет» атқаратынына назар аударады.

Диссертациялық жұмыс мазмұны кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде ғылыми зерттеу жұмысының өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар қамтылған. Бірінші тарауда түркі фольклорындағы қаһармандық эпостар, ғашықтық эпостардағы «туған жер» концептісінің негізгі функциясы, түркі фольклорындағы сакральды мәні «семантикалық-перифериялық» модель негізінде анықталады. Екінші тарауда «туған жер» концептісі когнитивтік әдебиеттану саласы аясында

ертегілерде және топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят жанрларында қарастырылады. Сонымен бірге бұл бөлімде мифология, мифтік таным, архетип пен мотив мәселелері қарастырылады. Үшінші тарауда түркі фольклорындағы «туған жер» концептісінің орны айқындалады.

Автор диссертациясын жазу барысында когнитивтік лингвистика, когнитивтік әдебиеттану, фольклортану, түркі фольклоры, топонимдік фольклор салаларындағы отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді кеңінен пайдаланып, салыстыру, талдау, сипаттау, дефинициялық, мағыналық, концептуалды талдау әдістерін ұтымды қолданған.

Диссертанттың ғылыми зерттеу жұмысы жүйелі жазылған, тарауларда фольклорлық шығармалардан келтірілген мысалдар тұжырымдарын толықтай аша түседі. Докторант қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, пікірлерін негізге алады. «Түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісі» атты докторлық диссертация тақырыптың өзектілігі мен маңызын толық ашып, теориялық, әдістемелік тұрғыдан сауатты жүргізілген еңбек екенін атап өтеміз.

Диссертация ғылыми еңбекке қойылатын талаптарға сай келеді, алға қойылған мақсат, міндеттер жоғары деңгейде орындалған. Олжабаев Бекарыс Кобланулын «8D02304-Филология» білім беру бағдарлмасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынған диссертациялық жұмысына оң бағалап, қорғауға жіберілуін ұсынамын.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Кастамону университеті
Кастамону / Түркия

Профессор, доктор Орхан Сойлемез